Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасы атынан

2024 жылғы 4 желтоқсанІс № 3115-24-00-2/2971 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:төрағалық етуші судья Г.К. Ажакаева,

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қою бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Жамбыл обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:«Жарылқапова» деп аталатын жеке кәсіпкер Жарылқапова Гулдана Жомартқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Жамбыл обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Жарылқапова» деп аталатын жеке кәсіпкер Жарылқапова Гулдана Жомартқызына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Жарылқапова» деп аталатын жеке кәсіпкер Жарылқапова Гулдана Жомартқызымемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жарылқапова» деп аталатын жеке кәсіпкер Жарылқапова Гулдана Жомартқызынан мемлекет пайдасына 1 546 (бір мың бес жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ажакаева Г.К.**

Шешім 2024 жылғы 4 желтоқсанда дайындалған.

Судья Ажакаева Г.К.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 04.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.01.2025, сулья Ажакаева Г. К. 14.01.2025

3115-24-3-1/3154